

ҒҰРЫПТЫҚ ФОЛЬКЛОРДАҒЫ МИФТІК ТАНЫМНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Сатыбалдиева Назым

satybaldieva.nazym.00@mail.ru

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті “Қазақ тілі мен әдебиеті” ББ
магистранты

Ғылыми жетекші, PhD., доцент –**Кушкимбаева А.С.**

Отбасылық-ғұрыптық фольклордың айрықша түрі – үйлену жырлары, яғни келін түсіру мен қыз ұзату салты. Құдалардың аралас-құралас болып, қоян-қолтық араласуына сеп болатын нышан – құйрық-бауыр жесу. Символдық поэтикада бауыр – туыстықтың, жақындықтың бейнесі болса, құйрық (май) – байлық, молшылықтың белгісі. С.Мұқанов бұл турасында былай дейді: «Мұның мәнісі қазақтың бауыр етіндей деп ең жақын інісін бауырым деп айтатындай бауыр жеу арқылы «бауырдай тату-тәтті болуы», құйрық майдың мәнісі – «молшылық, тоқшылықта болуды» ырымдап, «құдай дескен, құйрық-бауыр жескен деп жақындасуды білдіреді» [1, 113-б.]. Сол сияқты үйлену салтында жасалатын ғұрыптық жоралғылар молынан кездеседі және олардың астарында ескілік, көне танымның жасырынып жатқаны анық. Мәселен, жырлардың денінде тәңірлік діннің қалдықтары кездеседі. Соның бірі – отқа май құю салты. Бұл салт бүгінгі таңда өз беделін әлі жоймады. Аталған салт отбасы, ошақ қасының қамқоршысы, сақтаушысы Ұмай анаға тағзым етіп, жастардың бақытты болуына орай отқа май құю ғұрпынан туындаған. «Беташар» жырындағы:

Не ғып тұрсың, келіншек,

Май салып, отқа табынып?

Жай болды ма көңілің,

Іздегенің табылып! [2, 62-63 бб.], - деген жолдардың астарында да осы ырымды көреміз. Бұл салт фольклорлық нұсқаларда ырым ретінде көрініс табады. Яғни халықтың ежелгі түсінік-танымның интерпретацияларға ұшырап, салттың моделінің ырымға айналған нұсқасы фольклорға трафарет болып түседі. Халық «отты үрлеме», «отты аттама» деп тыйым, ырым сөздер айтады. Яғни от – отбасының, шаңырақтың, үй, отау, баспананың символы. «Шаңырақтың оты өшпесін», «шаңырағы шайқалмасын», «үйдің берекесі кетпесін» деген мағынада жүзеге асқан. Қазақ мифологиясындағы «егіз тәңірлер» - Тәңір мен Ұмай десек, халықтың Ұмай анаға табыну сыры осы тәңірлік діннен пайда болды. Тәңірдің аталығы – көкте болса (Күн-күйеу), аналығы жерде өмір сүрді (Жер-ана, Ұмай ана) деп есептеген. Ұмай – тек отбасының қамқоршысы емес, әйелдер мен балалардың жебеушісі. Мифология зерттеушісі С.Қондыбайдың: «Ұмай – дей-түркілік мифологиядағы Ұлы Ана есімдерінің бірі. Кейінгі қазақ, қырғыз тілінде оның есімі «Май-ене» түрінде сақталған. Бүгінгі қазақтағы «Менің қолым емес, Бибатпаның (Бибі Фатиманың) қолы» деген сөз бір кездері «Менің қолым емес, Май-ененің қолы» деп аталған. «Ұмай» есіміндегі праформа – «ум» < «йум» < «нум»/«нгум». Яғни оның шумерлік «Намму» мен самодилік «Нум» сияқты «ұлы аналық» есімдермен біртектес екендігі дау туғызбауы тиіс.

Ұмай немесе Йум – дей-түркілік дербес болмысты тәңіреше (богиня) болған, бірақ сол заманның кейінгі кезеңдері оның мәртебелік бейнесі төмендетіле бастаған сыңайлы; қалай болғанда да «Йум» есімінің «Йумай» немесе «Ұмай» болып өзгеруін, яғни бастапқы есімге «-ай» формантының жалғануын осындай сапалық өзгерістермен байланыстыруға болады» [4, 16-17 бб.], - деген пікіріне назар аударар болсақ, тәңірлік діннің негізгі өзегінің уақыт өте келе жеке форманттарының ғұрыпта сақталғандығын көреміз.

Келін түсіріп, қыз ұзату салтындағы символдық мәндегі белгі – сәукеле. Сәукеле - өз арнасына ұлттық болмыс, халықтық дәстүр, мінез, өнер, нақыш секілді сакральды мәндегі бернелерді жиыстыратын этностық үлгіге сәйкестенген үйлену тойында қызға кигізілетін дәстүрлі мәндегі бас киім. Сәукеленің бойында символдық мән ерен сақталған. Тілші-ғалым Е.Жанпейісовтың пікірінше, **сәукеле** лексемасы екі толық мағыналы сөздің бірігуінен тұрады: **сәу** және **келе**. Ғалым **сәу** компонентін көне түркілік **saу** «дені сау, бүтін, жақсы» [5, 480-б.], **сағ** «таза», **сағ көңүл** «ақкөңіл адам», **сағ жағ** «сары май» [6, 154; 168; 175 бб.], татар тіліндегі **сақ** «бүтін, тұтас», чуваш тіліндегі **сыва** «дені сау», **сыха** «бүтін» және осы мағыналарда татар тіліндегі **сау**, **сақ** сөздерімен, түрік тіліндегі **sağ** «дені сау, тұтас» мағыналы [7, 511-б.], **cai** «таза, жұқа» [8, 219-б.], түрікмен тіліндегі **сай** «дені сау, күшті, көрнекті» [9, 557-б.], қырғыз тіліндегі **сай** (тұлпар туралы) «ерекше, атақты» [10, 621-б.] лексемаларымен байланыстырады. Сөйтіп, профессор Е.Жанпейісов жоғарыдағы **сақ** ~ **сағ** ~ **сау** түбірлерімен қазақ тіліндегі **сәукеле** сөзінің түбірі **сәу**, қырғыз тіліндегі **шөкелө** сөзінің түбірі **шө** генетикалық жағынан тәркіндес екенін көрсетеді. Ғалым **сәукеле** композитасының екінші компоненті парсы тілінде және көпшілік түркі тілдерінде, негізінен, “бас киім” мағынасында қолданылатынына тоқтала келіп, **сәукеле** лексемасының жалпытүркілік **сәу** (**сау**) және парсылық **күла** (**күлә** ~ **кела** ~ **келе**) сөздерінің бірігуінен жасалған деген қорытындыға келеді [11, 7-9 бб.]. Сонда сәукеле деген ұғымның астарынан мынаны ұғынуға болады:

1. Сәукеле – тазалықтың, адалдықтың белгісі. Яғни қыз бала балалық дәуреннен өтіп, жанұя құруға «тазарынып», «ақ болып бару» деген сенім.

2. Сәукеле – тұтастық, бірліктің символы. Яғни ер мен әйелдің бірлігін байланыстыратын, олардың жаңа өмірге аттануына «жол» болатын белгі.

3. Сәукеле – балалық шақпен қоштасудың басты нышаны (аксиологиялық мәндегі зат). Себебі қыз бала сәукелені екінші бір үйдің босағасын аттағанда ғана киетін киелі нәрсе.

Ғұрыптық нақышқа құрылған өлең-жырлардың бір түрі – сыңсу. Сыңсу – қыз баланың балалық дәуренімен, үй-іші, туған-туысымен, туған жерімен қоштасу жыры. Оның басты мотиві – қимастық сезім.

Заманым өтті басымнан,
Дәуренім өтті басымнан.
Бұл не деген іс болды?
Көлінен кеткен құс болдым, -
...Қандай да жерге түс болдым!?
...Жат жұрттық болып кеткен соң,
Кетер-ау бастан сәулетім!
Айналайын ел-жұртым,

Не болар менің заманым? [2, 60-б.] - деген сыңсу жырынан қыздың мұңын, шерін, келешегін ойлап, өз тағдырына толғанып, заманына алаңдаудан туындаған түсінікті көреміз. «Сыңсу» сөзін «сықтау» сөзімен байланыстыруға болады. Сықтау – жылау – еңіреу - өксу – көз жасын төгу - бақыру сияқты қатармен «сыңсу» сөзінің таралу аймағын айқындауға болады. Сыңсу дәстүрінде қыздың босағаның жібермеуін өтінген жолдар бар. Яғни босаға – үйдің, мекеннің, ошақтың тұтас бөлімі. Сол себепті босаға – шекара, яғни екі өмірдің қақпасы қызметін атқарады. Сонда:

1. Босаға – сыртқы әлемнен қорғаушы (пәле-жаладан, жаманшылықтан т.с.с.);
2. Босаға – екі өмірдің қақпасы (екі дүниенің шегі);
3. Босаға – үйдің, ошақтың «ұйытқысы». Қазақта «Ақ босаға» деген тіркес бар. Яғни үйдің, шаңырақтың берекелі, ырысты, ырызықты болуына байланысты айтылады.

Жоғарыда айтқандай, босаға жалпыбүтіндік сипатқа ие (синекдохалық). Келін түсіру салты «босаға аттау» ғұрпымен өзара алмасымды. Келін келісімен «ақ босаға аттап», «ақ бата алу» ырымы жасалады. Немесе жаңа үйге көшіп, баспанаға ие болған кезде, қоныс

салты «сәукеле», «босаға» ұғымымен тығыз байланысты. Екеуі бір уақыт пен кеңістікте жұмсалатын белгі. Яғни жаңа өмірге сау, таза, ақ, саф көңілмен, ақ ниетпен «ақ босағадан» аттау деген түсінік қалың халыққа сіңісті болып кеткен әрі ол – ғұрып.

Қазақ ғұрпындағы «үкі тағу» рәсімі де мифопоэтикалық ойлау жүйесіне негізделген. Үкіні қасиетті құс деп есептеп, тіл-көзден, бәле-жаладан сақтау мәнде фетиштік қызмет атқарған. Жеңгелері қайынсіңлілеріне немесе жігіт қызға «үкілім-ай» деген сөзді айтады. Бұл жерде қыз бала некеге тұрмайынша үкілі бөрікпен жүреді, ұзатылар кезде сол үкілі бөрікін сәукелеге айырбастайды. Осы ретте Ғ.Ақпанбектің мына пікірін келтіреміз: Қазақ қыздарының тақиясына тағынатын үкі қауырсыны аспан – көктің, яғни үстіңгі әлемнің көрінісінің белгісі болып шығады. Ал әшекейге үкі қауырсынын қолданудың өзіндік себебі бар. Таңдай өрнекті сарғылт түсті үкі қауырсыны қарағанда жағымды әсер етеді. Сонымен қоса, үлпілдеген үкіде үлбіреген кескінге әр беріп, сымбаттандыра түсетін ерекше өркендік қасиет бар. Үкінің қарағанда көретін жігілігі, дыбыс шығармай ұшуы, басқа құстардан ерекшелігі де, оны қасиетті деп есептеуге себеп болса керек» [13, 32-б.]. Шынында, үкі – жоғары әлем мен төменгі әлемді байланыстырып тұратын «сымша» (бәйтерек) қызметін атқарады.

Сайып келгенде, ғұрыптық фольклордың өн бойында мифтік таным, халықтық түсінік, қазақы менталитет, түркілік сарын, ұлттық менталитет сіңісіп, өзара тұтас жүйе ретінде жасақталған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. – Т.15. – Алматы, 1979. – 256 б.
2. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Рауан, 1990. 240 б.
3. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. III том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
4. Айтпаева А. Бесік жырларының этнолингвистикалық сипаттамасы (қазақ, орыс, неміс тілдерінің материалдары бойынша): филол. ғыл. канд. ...дисс.: 10.02.20. – Алматы, 2006. – 150 б.
5. Древнетюркский словарь. – Л., 1969. – 615 с.
6. Қашқари М. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1, 2, 3-т. 1997.
7. Туркменско-русский словарь. – М., 1956. – 368 с.
8. Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. – Спб., 1893-1911. – Т. УІІ.
9. Туркменско-русский словарь. – М., 1956. – 368 с.
10. Юдахин К. Кыргызча-орусча сөздүк. –М., 1965. – 1182 с.
11. Жанпеисов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.
12. Айтмұқашова А.А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика: филол. ғыл. канд. ...дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 135 бет.
13. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 56 б.